

**«Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**  
**1 тоқсан бойынша есебі**

Мектептегі тәрбие жұмысы оқу жылының басынан бастап біртұтас тәрбие бағыты бойынша жоспарланып, жүйелі түрде жүзеге асырылды. Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың рухани және адамгершілік құндылықтарын дамыту, мәдени-этикалық нормаларды сақтау, әлеуметтік және тұлғалық дамуына жағдай жасау болып табылады. Оқу жылының бірінші тоқсанында бұл мақсаттарға сәйкес тәрбие жұмыстары өз уақытында, жүйелі және сапалы түрде жүргізілді.

## **2. Біртұтас тәрбие бағыты бойынша жұмыс түрлері**

### **1. Құндылықтарды қалыптастыру**

Тәрбие жұмысының маңызды бағыты болып, оқушылардың адамгершілік және моральдық құндылықтары мен жалпы мәдени деңгейін көтеру болды. Оқушыларға қайырымдылық, адалдық, өзара көмек көрсету сияқты қағидаттарды түсіндіру мақсатында сынып сағаттары, тақырыптық әңгімелер, мектепшілік тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл жұмыстарда оқушылар өзара пікір алмасып, қоғамдағы жақсы тәртіп пен мәдениеттің маңыздылығын түсінді.

### **2. Адам құқықтары мен азаматтық жауапкершілікті түсіндіру**

Оқушыларға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, сондай-ақ азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеу мақсатында заң, құқық және азаматтық мәселелер бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, 1 тоқсанда "Қазақстан Республикасының Конституциясы" және "Құқық және адам" тақырыптарында ашық сабақтар мен тренингтер өткізілді.

### **3. Әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық ұстаным**

Оқушылардың өз қоғамына деген жауапкершілігін арттыру мақсатында әлеуметтік жобалар мен қайырымдылық шаралар ұйымдастырылды. Оқушылар ата-аналарымен бірлесіп, әлеуметтік жағынан әлсіз топтарға көмек көрсету үшін қаражат жинап, түрлі қайырымдылық іс-шараларға қатысты. Сонымен қатар, мектепте экологиялық мәселелерге назар аударып, тазалық акциялары өткізіліп, оқушыларға табиғатқа деген қамқорлықтың маңыздылығы түсіндірілді.

### **4. Мәдени және рухани құндылықтарды дамыту**

Оқушылардың мәдени және рухани дамуына бағытталған іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ:

Білім - асыл қазына. Білім инемен құдық қазғандай. Адам өмірінің, соныға дейін білім алады, ал кейде тіпті оның өзі аз болады. Адам қаншалықты білімді болса, соншалықты бай-қуатты болады. Себебі білім ұрпақтан-ұрпаққа берілетін шежіре, тарих, өнеге, тәрбие! Жас ұрпақтың, білімге деген қызығушылықты қашан да жоғары. Адамдар бір орында тұрған жоқ, жылдан-жылға түрлі технологиялар, жаңа білім бағдарламалары ойлап табылып, білім сапасы артады.

Күздің алғашқы күні - білім күні "Алғашқы қоңырау" мерекесі өтті. Бүкіл мектеп мерекелік сапка жиналды. Шақырылған қоңағымыз Атбасар ауданы қоғамдық кеңес төрағасы Ж. Каженов оқушыларды, ата-аналарды, ұстаздарды жана оқу жылымен құттықтап, баршаға денсаулық, жаңа жетістіктер, баршаға сәттілік тіледі. Бұл мереке мектеп табалдырытын алғаш рет аттаған бірінші сынып оқушылары мен жақын арада осы мектеп қабырғасынан аттағалы отырған түлектер үшін ерекше болды. Ата-аналар ақ жол тілеп, дәстүр бойынша шашу шашып, ән шырқады. Түлектер 1-ші сынып оқушыларына сый-сыяпат жасап, ән шырқап, алғашқы сынып сағатына шығарып салды. Барлық оқушылар үшін алғашқы қоңыраудың тақырыбы «Мектебім-мейірім мекені!» болды.



[https://www.instagram.com/p/C\\_XsasLM7c/?igsh=MWl6MGIzd281ODV1dg==](https://www.instagram.com/p/C_XsasLM7c/?igsh=MWl6MGIzd281ODV1dg==)

"Білім күніне" арналған сынып сағаттары өтті.

Тәрбие сағатының тақырыбы: Менің Отаным - Қазақстан"

Мақсаты: Жас ұрпақты Отаның сүйеге, еліміздің, рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту.



[https://www.instagram.com/p/C\\_Zvv1eor\\_3/?igsh=OW9qd250dTZpdG5n](https://www.instagram.com/p/C_Zvv1eor_3/?igsh=OW9qd250dTZpdG5n)



[https://www.instagram.com/p/C\\_aEYkrMHdk/?igsh=MThpbNrqYnBlYWh5](https://www.instagram.com/p/C_aEYkrMHdk/?igsh=MThpbNrqYnBlYWh5)

Қыркүйек күніне арналған "Мектепке алғашқы қадам" атты бейнеролик 1А және 1"Ә"сынып оқушылары ата -аналарымен жасады.



Сондай-ақ, мектебімізде Қауіпсіздік ережелері үнемі айтылып отырады

1. Атбасар темір жол станциясы ПЧ 20, ТД 20, ВЖДО, косылып № 8 ЖББОМ оқушыларына "Темір жол қауіпсіз аймақ" атты темір жолдан өткенде сақтану керек ережелерімен таныстырды. Қауіпсіздік ережелерімен таныстырған темір жол қызметкерлері

ДС 3 Максұтов А.С

ДС и ТБ Бутымбаев Д.Д



34 - 10 Тарасенко А., ПЧ-20 Ильчук В.

[https://www.instagram.com/p/C\\_huZg0MhvR/?igsh=MW1nb3hlcmYyNG9iOA==](https://www.instagram.com/p/C_huZg0MhvR/?igsh=MW1nb3hlcmYyNG9iOA==)

2.√8 ЖББОМ оқушыларына Атбасар ауданы бойынша ТЖБ аға инженері Габдуллин Алишер Маратович және инженер Әлкеш Нұржан Бейбітұлы Жоғарғы көпсалалы техникалық колледж студенттері Пучкина Вероника Александровна Мухтарова Карина Бисеновна - мен бірге «Өрт қауіпсіздігі» туралы акция өткізді. Акция барысында оқушыларға ескертпе қағаздар таратылып, бейнеролик көрсетілді.



[https://www.instagram.com/p/C\\_k0VnhMB3/?igsh=ZDNicTc1aTA1M3Nw](https://www.instagram.com/p/C_k0VnhMB3/?igsh=ZDNicTc1aTA1M3Nw)

1-11 сыныптар арасында Мектеп директорының м.о Н.Жәнімхан ДТЖО А.Искакова қауіпсіздік ережелерімен, барлық заңдылықтарға назар аударып, оқушының мінез құлқы, адекватты өзін-өзі бағалау.

Құқық бұзышылық

Моральдік қысым туралы айтылды



[https://www.instagram.com/p/DAAQT1io4\\_W/?igsh=MWkzejJobHIwbGk1bg%3D%3D&img\\_index=](https://www.instagram.com/p/DAAQT1io4_W/?igsh=MWkzejJobHIwbGk1bg%3D%3D&img_index=)

5-қыркүйек күні №8 жалпы орта білім беретін мектебінде Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай 2024 жылы 05-18 қыркүйек аралығында өтетін онкүндіктің ашылуы болып өтті. Онкүндіктің ашылу салтанатына 7-11 сынып оқушылары қатысты. 4А сынып оқушыларының "Отбасы күніне" арналған суреттері Бүгін, 5-қыркүйек күні №8 жалпы орта білім беретін мектебінде Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай. 2024 жылы 05-18 қыркүйек аралығында өтетін онкүндіктің, жоспарына сәйкес, «Тұрар Рысқұлов - тарихи тұлға» тақырыбымен өткен жалпықазақстандық ашық диктантқа мектеп қызметкерлері мен жоғары сынып оқушылары толық қатысты.

Сондай-ақ, оқушылар жүз пайыз оқулықтармен қамтамасыз етілді. 2024-2025 оқу жылында аудан мектептерінде 1-11 сынып аралығында 6845 оқушы білім ала бастады, олардың, 597 - 1 сынып, 714 - 9 сынып, 254 - 11 сынып.

Мектеп кітапханашылары тамыз айында оқулықтар берді. 2024 жылдың жазында қазақ тілінде оқытатын орыс тілі, жаратылыстану, еңбек және бейнелеу өнері пәндері бойынша қазақ және орыс тілдерінде оқытатын 3 сынып үшін жаңа оқулықтар сатып алынды.

Қазақ тілінде оқытатын 7-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулықтары жаңартылды, орыс және қазақ тілінде оқытатын 8-сыныпқа арналған дүниежүзілік тарих, орыс және қазақ тілінде оқытатын 9-сыныпқа арналған география,

Қазақстан тарихы жаңартылды. Сондай-ақ, орыс тілінде оқытатын 6 және 9-сыныптарға, қазақ тілінде оқытатын 2-сынып, қазақ тілінде оқытатын

10-сынып, орыс тілінде оқытатын 11-сыныпқа арналған оқулықтар, мектепалды дайындық, керемет әдебиет қосымша сатып алынды.

6 қыркүйек күні, тілдер онкүндігі жоспарына сәйкес, Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде «Тілімізге деген көзқарас - елімізге деген көзқарас» атты шығармалар сайысы 8 - 9 сынып оқушылары арасында өткізілді. «Тілдер апталығы» жоспары негізінде 4-сынып оқушылары арасында «Тілден басқа байлық жоқ!» сұрақ-жауап сайыс түрінде өтті. Оқушылар белсенділікпен қатысты

10 қыркүйек Тілдер онкүндігінің, жоспарына сәйкес, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.К.Алпысова б)А) сыныпта «Лингвистическое ассорти» деген

интеллектуалды ойын жүргізді.



Максаты: көп тілде сөйлеу-мәдениеттіліктің белгісі, тіл-мемлекеттің тұғырлы тірегі, оқып үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру.

9-11 сынып оқушылары арасында «Айтыс-құдіретті өнер» атты сабақ өтті.



<https://www.instagram.com/p/DaKINR-MiLZ/?igsh=b243azVmdW11eTlr>

Сабақ барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің, мұғалімі Индира Куанышбайқызы Казымбек төл өнердің ықылым замандардан келе жатқан халық ауыз әдебиетінің түрі екенің нақты айта отырып танымал айтыскерлер туралы да тілге тиек етті. Сабақтың соңында мектебіміздің оқушылары Бакытжан Фатима мен Иманәлі Мухамеджан қазіргі айтыс түрлерінен үлгі көрсетіп, оқушылардың, таным көкжиегін кеңейте түсті.

**Ата-аналар жиналысы әр тоқсан сайын өткізіліп тұрады**

11 "А"

1. "Біртұтас тәрбие" жаңа бағдарламасымен таныстыру;
2. Қауіпсіздік ереже, мектеп формасы.

Сынып жетекшісі: Базылбекова Г.Ж.



<https://www.instagram.com/p/CldZogsOzy/?igsh=a314NGU5aWQ3YXFfn>

6-ы күні 5 "А" сыныбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасымен таныстыру.
2. Қауіпсіздік ережелері (оқушыларының).
3. 5-ші сыныбының бейімделуі.
4. әр түрлі сұрақтар

Сынып жетекшісі: Немеренко З. Б

-Мектепшілік ата -аналар жиналысы өтті, қарастырылған сұрақтар:

1. "Адам папилломасының вирусы"

Атбасар қаласының кепсалалы ауруханасының

педиатр дәрігері Суйіндіков Алмас Жандарбекулы

2. "Құқықбұзушылықтың алдын - алу»

3. «Жол-көлік аппаратының болмауын алдын- алу"

Атбасар ішкі істер полициясының лейтенанты Сериков Асет Жумагатович

4. Қауіпсіздік мәселелері (электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, темір жол маңындағы қауіпсіздік)

Төтенше жағдайлар бөлімінің, аға инженері Габдуллин Алишер және темір жол қауіпсіздігі жөніндегі инженері Карапыш Александр

5. Мектеп формасын сақтау туралы./ ДТЖО Искакова Алмагуль Алибековна

6. Ерте жуктіліктің алдын алу. / мектеп медбикесі Шингисова Гаухар Жунусовна

7. "Буллинг, кибербуллинг, суицидтің алдын алу және шешу жолдары " мектеп психологы Дуйсенбекова Назгул Кажымуканкызы

8. Әр турлі сұрақтар

Барлық сыныптарда терроризмге қарсы сынып сағаттар өтті.

2. Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша Жанұям- қорғаным, ата-анам -тірегім дәйек сөзіне арналған, «Мен және менің отбасым"тақырыбында сынып сағаты, Жедел қызмет нөмерлері тақырыбында қауіпсіздік сабағы өтті.

[https://www.instagram.com/p/C\\_tGtFEMYQ0/?igsh=eTZqemJrZHFna2E1](https://www.instagram.com/p/C_tGtFEMYQ0/?igsh=eTZqemJrZHFna2E1)



Мектептегі оқушылар, арасында өзін өзі басқару бірінші отырысы өтті

2 " А " сыныбында " Жол ережесін білейік, Аман-есен жүрейік" тақырыбында жолда жүру ережесінен сабақ өтті

11 қыркүйек Тілдер оңкүндігінің жоспарына сай, 10-11 сынып оқушылары арасында "Жасанды интеллектпен жұмыс жасау-өмір талабы" атты танымдық сайыс болып өтті. Сайыстың мақсаты: Оқушылардың жасанды интеллектпен жұмыс істеуге көзқараныстарын арттыра отырып, оларды орынды қолдануға баулу. Сайыс кезеңдері өте тартысты өтті. Сайыс нәтижесінде 10-сынып оқушылары жеңіске жетті.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша 11 "А" сынып оқушыларында, "Ақырын жүріп анық бас, еңбегін кетпес далаға"дәйек сөзіне арналған, «қауіпсіз қаржылық операцияларды жүргізу ережелері. Қаржылық пирамидадағы қауіп" тақырыбында сынып сағаты,

Буллингтен қорған тақырыбында қауіпсіздік сабағы өтті. Сынып жетекшісі: Базылбекова Г.Ж.

Қыркүйектің, 16-сы күні 5-ші "А" сыныбында қауіпсіздік сабағы өтті. Сынып жетекшісі: Немеренко З.

2 "А" сыныпта "Қауіпсіздік ережелері" және "Тілім менін-ғасырларға аманат" тақырыбында сынып сағаты өтті

1-11 сыныптар арасында Мектеп директорының м.о Н.Жәнімхан

ДТЖО А.Искакова қауіпсіздік ережелерімен, барлық, заңдылықтарға назар аудара отырып, оқушының мінез құлқы, адекватты өзін-өзі бағалау,Құқықбұзушылық Моральдік қысым туралы.

/8 жалпы білім беретін орта мектебі 2 А сынып оқушысы, белсенді оқушылардың бірі Алибекова Инара Атбасар қаласының төтенше жағдайлар бөлімінде қызмет ететін әкесі туралы айтып берді ол әкесінің, құтқарушы екенің мақтанышпен айтуда мектебіміздің, педагог- психологы Дуйсенбекова .Н.К, жоспарға сайкес,мектепке дайындық диагностикасы Керн-Ирасик әдістемесі бойынша тест алынды.

Мақсаты: 1 сынып оқушыларының мектепке, оқуға дайындық деңгейің анықтау.

Қыркүйек айының, 18-ші жұлдызында тіл мамандарының қауымдастыруымен

№8 жалпы орта білім беретін мектепте «Қазақстан халқы тілдері» күніне арналған іс-шаралар оңкүндігінің жабылу салтанаты өтті. Іс-шара барысында мектеп директорының міндетін атқарушы Н.Жәнімхан құттықтау сөз сөйлеп, оңкүндік барысында белсенділік танытқан сыныптар мен оқушылар марапаттады.

Криминалдық полиция қызметкері полиция капитаны Е.Омербаев және ювеналды полиция инспекторы С.Токжуманованың қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын- алу, жыныстық қол суылмаушылық есірткі бизнесі, бұзақылық тақырыбында дәріс оқылды.

19 қыркүйекте сағат 10:00-де мектепте флешмоб өтті, «БІЗДІН,МЕКТЕП БУЛЛИНГКЕ КАРСЫ!», 1-9 сынып оқушылары қатысты.

"Таза Казакстан" акциясы аясында "8 жалпы білім беретін орта мектебі" ұжымы мен оқушылары мектеп ауласында, тазалық сенбілігін өткізді.



"Жол қауіпсіздігі туралы не білеміз?" атты сынып сағатынан көрініс өтті.

Қыркүйектің 23-і күні 5-ші "А" сыныбында "Еңбек түбі - береке" және электр қауіпсіздігі туралы сынып сағаты өтті.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша 11 "А" сынып оқушыларында, "Еңбек - жәй ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы" дәйек сөзіне арналған.

«Еңбек түбі береке» тақырыбында сынып сағаты өтті:

1. Қауіпсіз еңбек жадайларын қалай қамтамасыз ету керек?"

2. Электр тоғы туралы КЕ өткізілді.

2»А» сыныбында «Еңбек- қуаныш, жалқаулық -айрылмас азап» тақырыбында сынып сағаты өтті. Сынып сағатының мақсаты: Адал еңбекті бағалау;

Оқушылардың еңбек туралы түсінігін кеңейту.

Бастауыш сынып мұғалімі Бейсебаева Гулзада Есілқызы оқырмандарды мектеп кітапханасында жаңадан келіп түскен әдебиетпен таныстырды.

11 сынып оқушылары "Дублер күні" мұғалімдер күніне орай сабаққа жоспарларды және салтанатты жиынға дайындық жасалап, дублер күні өтті.

Сынып сағаты "Қоғамға қызмет ету" мақсаты: -

балалардың еңбектің қоғам өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту; - еңбексүйгіштік, дербестік, табандылық, сияқты мінез-құлық, қасиеттеріне оң моральдық баға беруді қалыптастыруға ықпал ету; - балалардың еңбек

дағдыларын дамытуға, еңбек әрекеттеріне қатысуға, өзін-өзі тәрбиелеуге.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша 11 "А" сынып оқушыларында, "Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөңбесін мәңгі сенің, Отан, атын!" дәйек сөзіне арналған, «Қоғамға қызмет ету» тақырыбында сынып сағаты өтті,

1. Әрекетсіздік пен серіктестік үшін жауапкершілік тақырыбында КЕ өткізілді.

2"А" сыныбында «Камкор» жобасы «Табиғатты қорғау -біздің міндетіміз»

«Бейтаныс адамға көмек көрсетуге болама?» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Қарттар күні - егде жастағы адамдардың, мемлекет пен қоғам алдындағы еңбегін ерекше құрметтеудің, сондай-ақ қарттарға қолдау көрсету, олардың тұрмысын жақсарту мен өмір сүру ұзақтығын арттыру сияқты мәселелерге назар аударудың, символы.

Ата буын өкілдерінің, өмірлік тәжірибесі мен даналығы баға жетпес құндылық, олардың көптеген жетістіктері - жастарға үлгі. Белсенді ұзақ өмір сүру жобалары қазақстандық қарттардың, елдің қоғамдық өміріне барынша ұзақ уақыт қатысуына септігін тигізеді, олардың өмірін қызықты етеді.

2024 жылы 3 қазанда Көкшетау қаласында өткен Қазақстандағы «Денсаулықты

нығайтатын мектептер» («Саламатты мектеп») бастамасын кеңейту бойынша өткен семинарға Жоғары Кеңеске қатысқан директорының тәрбие жөніндегі орынбасары А.Искакова Президент мұғалімдерді кәсіби мерекесімен құттықтады Қасым-Жомарт Токаев ұстаздар қауымын кәсіби мерекесімен құттықтап, аса жауапты әрі қастерлі міндетті абыроймен атқарып жүрген педагогтерге алғыс айтты.

Сонымен қатар еліміздегі оқу-ағарту саласын дамыту жолында жүзеге асырылып жатқан ауқымды жұмыстарға тоқталды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша 11 "А" сынып оқушыларында, Лудомания-ғасыр дерті" тақырыбында сынып сағаты өтті.

Сынып жетекшісі: Базылбекова Г.Ж.

Ұлттық, мереке 25 қазан - «Республика күніне» арналған, «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!» тақырыбында 11 «А»сынып оқушыларында сынып сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, елің, Отанын сүюге қорғанға, сақтауға құрметтеуге тәрбиелеу.

21-і күні 5 "А" сыныбында Республика күніне орай "Қазақ елі - менің, Отаным" сынып сағаты өтті.

Сабақтың мақсаты:

1. ҚР мемлекеттік мерекелері туралы мәлімет беру;
2. Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру;
- 3.Отаншылдық құрмет құндылығын дарыту

22 қазанда Республика күніне орай мектеп кітапханасында 6 сынып оқушылары арасында кітап көрмесіне шолу жасалды.

22.10.2024ж. Станционда жалпы білім беретін мектептердің, 5-6 сыныптарындағы ұлдар арасында мектеп футбол лигасының ашылуы өтті. Сол ашылуында

1. Қуатбеков Қуаныш Өмірзақұлы Атбасар ауданы әкімінің, орынбасары
2. Мухатаев Мейірбек Шаріпұлы Ақмола облысының білім басқармасының денешынықтыру және алғашқы әскери-техникалық дайындық туризмі орталығы директорыны міндетін атқарушы қатысып ұлдарға сәттілік тілейді. Мектеп оқушылары ашылуында би биледі және ән айтты.

Спорттық мерекеміздің символы - жылдам, ұшатын футбол добы... және мерекемізді аша отырып, допқа символдық тепкі жасау құқығы ең жас футболшыға

Волков Павелға берілді. Жарысқа қатысушыларды шарттарымен және барысымен таныстыру үшін құттықтау сөз жарыстың бас төрешісі Кыдрасов

Ринат Минолаевичке берілді. Барлық балаларға сәттілік тіледі.

22 қазанда мектеп кітапханасында тарих пәнінің мұғалімі Шахметова Балерке 8 сынып оқушыларымен бірге Рақымжан Қошқарбаевқа және Ұлы Отан соғысында Қаза тапқан жауынгерлерге арналған естелік сағат өткізді.

Мектебімізде аудандық, жоспар бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында "Асық ату" және бес асық ойынынан жарыс өткізілді. Жарысқа 12 команда қатысты:

1-орын №1 мектеп, 2-орын Мариновка қазақ орта мектебі, 3-орын №1 орта мектебі жеңіп алды.

Қазанның 21-і күні "Менің, шағын Отаным" республикалық, интеллектуалдық, сайысының аудандық марапаттау өтті.

"Менің кіші Отанымның тарихы" номинация бойынша 9-шы сынып оқушысы Елбекова Назым 1-ші орынға иеленді.

"Кіші Отанымның символы" номинацияда 10-шы сынып оқушысы Дауылбай Медина 2-ші орынға ие болды.

"Менің туған өлкем" эссе номинация бойынша 10-шы сынып оқушысы Нағашыбай Ботакөз 1-ші орын алды!!!

8 ЖББОМ - де Республика күніне арналған салтанатты жиын өтті, салтанатты жиында мектеп директорының м.а Н. Жәнімхан құттықтау сөзін сөйлеп, балаларға тоқсан қорытындысы ретінде марапат қағаздарын табыстады. Салтанатты жиын патриоттық ән мен қазақ бимен жалғасты.

25- қазан Республика күніне орай мектепалды сыныбында «» ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ҰРАНЫ» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекеге барлық оқушылар белсенді қатысты.

24-қазан Республика күні мерекесі қарсаңында ТӨРТ ТОҚСАН-ТӨРТ ӨНЕР"

тұжырымдамасына сәйкес I-тоқсан "АҚЫНДАР АЙТЫСЫ" бағыты бойынша мектеп оқушыларына айтыс өнері жайлы түсініктерін нақтылау мақсатында, аудан мектептері оқушыларының арасында АЙТЫС болып өтті. Айтыс нәтижесінде, 7ОМ ақындары III орын, Бастау ауылының ақындары I орын, 8 ОМ оқушылары I орынға ие болды. Айтыс

сонында, қазылар алқасы сайыс жеңімпаздарың марапаттап, жеңімпаздарды құттықтады. Айтыс - қазақ халқының жүрегі мен жаңы. Алдағы уақытта да шығармашыл оқушылармен аталмыш жұмыс жалғаса бермек.

Атбасар қаласы №8 жалпы орта білім беретін 1 «А» сынып оқушысы Усембай Жансаяның, орындауында «Алтын күз» әні.

Бүгін қазанның 24 жұлдызында, 11 сынып оқушыларында "XXI ғасыр көшбасшысы" зияткерлік ойыны өтті. Зияткерлік сайысқа: Каирбек Арайлым, Тоқмурза Актілеу, Рахимжанова Акмарал қатысты.

23.10.24ж күні 1-11 сыныптар арасында "Қауіпсіз дөңгелек" сайыс өтті. Осы сайыстың мақсаты:

1. Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.
2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру.
3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Жол заны - дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді.

Жол тәртібін бұзба, ол қатер тұдырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың, жол бойында қалай болса солай жүріп бара жатқан

көлікке жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып кету салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулері жарақат алады.

Сондықтан әрбір бала «Жолда жүру ережесі» тақырыбын естен шығармау керек. Үлгілі, таәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды. Сайыс екі кезеңнен болды, 1 кезең таныстыру және үгіт бригадалардың байқауы, 2

кезең дидактикалық альбом дайындау. Сайыс өте жақсы деңгейде өтті.

[https://www.instagram.com/p/DAAQT1io4\\_W/?igsh=MWkzejJobHIwbGk1bg==](https://www.instagram.com/p/DAAQT1io4_W/?igsh=MWkzejJobHIwbGk1bg==)



25- қазан Республика күніне орай мектепалды сыныбында "" ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ҰРАНЫ"" атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекеге барлық, оқушылар белсенді қатысты.



Барлық өткізілген іс-шаралар тәрбие жоспарына сәйкес, мұғалімдерінің өткізілген іс-шаралар жоғары деңгейде өтті.

<https://www.instagram.com/p/DAkGN7tI7WK/?igsh=MW5rMWMMyMzY5dmgyZg==>



2024 жылғы 3 қазанда Көкшетау қаласында өткен Қазақстандағы «Денсаулықты нығайтатын мектептер» («Саламатты мектеп») бастамасын кеңейту бойынша өткен семинарға Жоғарғы Кеңес директорының орынбасары А. Исакова қатысты.

<https://www.instagram.com/p/DAqYGHpMfld/?igsh=enJ3ZHNxazRyd3Nq>



## Тәрбие жоспары бойынша кәсіптік бағдар беру бойынша жоспар құрылды, Жоғары

бойынша жұмыстар жүргізіледі

### Кәсіптік бағдар беру



Кәсіптік бағдар мақсатында, К. Кулажанов атындағы "Қазақ және бизнес" университетінің оқытушылары келіп 11 сынып оқушыларына оқуға түсу шарттарымен таныстырды. Атбасар қаласы 8 жалпы орта білім беретін мектепте 10-11 сынып оқушылар арасында Атбасар қаласы әскери комиссариатының қызметкерімен жоғары әскери оқу орындарына студенттерді қабылдау туралы тағы да кездесу өткізілді. Оқуға түсу профориентациялық дәрісті комиссариат қызметкері Кузнецова Елена Александровна жүргізді.

<https://www.instagram.com/reel/DALInstsW0V/?igsh=MTI4aDJsM3hnNTV1NQ==>

Арыстан Ділнур 1 ә сынып, Қуаныш Аружан 1«А» сынып оқушылары "Әншуақ" бағдарламасына әр апта сайын бейнероликтерді салып қатысып отырады.

<https://www.instagram.com/reel/DBvIIZhMnIE/?igsh=aHBkNDQ5NHo1NjU4>



<https://www.instagram.com/reel/DCCDJKFMD8S/?igsh=MW4ydW5lMTkyZ2I3dA==>

### Оқушылардың тәртібі және қатысуы

1 тоқсанда оқушылардың тәртібі мен әлеуметтік белсенділігі қанағаттанарлық. Оқушылар сабақтан тыс уақытта да түрлі тәрбие жұмыстарына белсенді қатысып, ұйымдастырылған шараларға өз үлестерін қосты. Өсіресе, мектепшілік волонтерлік қызметтерде көптеген оқушы белсенділік танытты. Оқушылар өздерін тәртіпті ұстап, мектеп ережелерін сақтауға тырысты.

**4. Қорытынды:** 1 тоқсанда біртұтас тәрбие бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін берді. Оқушылардың адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілігі артты, мәдени және рухани құндылықтарды түсіну деңгейі жоғарылады. Алайда, тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін, оқушыларға қосымша психологиялық қолдау көрсету және мектеп ішінде өзара көмек көрсету шараларын кеңейту қажет. Алдағы уақытта осы бағытта жұмысты күшейтіп, оқушылардың әртүрлі әлеуметтік және мәдени саладағы белсенділігін арттыру жоспарлануда.

Толығымен ақпараттарды сілтемесі арқылы қарауға болады

[https://www.instagram.com/atbasar\\_8zhobbm/profilecard/?igsh=a2R0YzMxeXN3Yndk](https://www.instagram.com/atbasar_8zhobbm/profilecard/?igsh=a2R0YzMxeXN3Yndk)